

## Совхоздар мүлкінің бір бөлігін директорлардың меншігіне беру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 9 наурыз 1994 ж. N 1585. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (екінші кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруды жеделдету, ауыл шаруашылығында меншіктің алуан түрлі нысандарын дамыту, нарықтық қатынастарды қалыптастыру, оның тиімділігін арттыру және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында:

оның сатып алынатын мүлкінің 10 процентін осы қызметке 20 жылдан кем жұмыс істеген директорға тегін негізде бөлсін;

директорға мүліктің сатып алынатын бөлігінің қосымша 10 процентін шарттық жағдаймен мемлекет үлесі ретінде 5 жылдан аспайтын мерзімге уақытша пайдалануға берсін.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі артқан және тұрақты көлемге қол жеткен, шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші жақсарған жағдайда кейінгі 5 жыл ішінде меншік иесінің шешімімен мемлекеттік үлес директорға (бірінші басшыға) тегін беріледі, шаруашылық мүлкін бағалауды және оның сатып алынатын бөлігінің қалған 80 процентін еңбек ұжымының арасында бөлу Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 30, 353-бап) бекітілген агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру Тәртібіне сәйкес жүргізілсін.

2. Осы Жарлықтың 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында екі жақты уағдаластық жағдайымен қызметкерлерге өздерінің мүліктік үлестерін сатуға және беруге,

осы кәсіпорынның еңбек ұжымының өзге де мүшелеріне жер пайына деген құқығын бере тұруға рұқсат етілсін.

3. Шаруашылықтарды реформалау кезінде колхозшылардың жалпы жиналысы арқылы аталған Жарлықтың ережелерін басшылыққа алу ұсынылсын.

4. Аталған Жарлықтың Заңдық күші бар және заңдық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін іс-әрекет етеді.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қолданылып жүрген нормативті актілерді аталған Жарлықпен сәйкестендірсін және бір ай мерзім ішінде аталған шаруашылықтың жаңа меншік иесі мен қызметкерлері арасындағы шаруашылық қызмет пен еңбек қатынастарын реттеу тәртібін әзірлеп, бекітетін болсын.

6. Жарлық жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*Алматы к. 1994 ж. 9 наурыз*

*N 1585*